

Мамедов Р.А., Атаханова М.Ф.
Silkway Халықаралық университеті Шымкент қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ– ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) құралдарының қоғам өмірінің барлық салаларына біртіндеп енуінің нәтижесінде олардың көмегімен оқу-әдістемесін жетілдіру, ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін модельдеу, виртуалды оқу сабақтарын жүргізуде қолжетімділік деңгейі артты. Соңғы жылдардағы ғылыми-педагогикалық басылымдарда білім беру үдерісіне қатысушылардың коммуникативтік қызметін жандандыру мәселесі жиі талқылануда. Бір жағынан, мектептерде «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» формаларында ынтымақтастық үшін қосымша әлеует жасайтын ақпараттық-технологияларды белсенді қолдану жағдайында білім алушылар мен педагогтардың нәтижелі ынтымақтастығын ұйымдастыру қажет. Екінші жағынан, педагог құзыреттілігінің маңызды сипаттамасы жаңа әдістемелер мен оқытуды әзірлеу және сынақтан өткізу мақсатында желідегі әріптестерімен өзара іс-қимыл жасауға уәжді ұмтылу болып табылады.

Пайда болып отырған жаңа мүмкіндіктер өзара ақпарат алмасуға арналған технологияларды меңгеру үшін педагогтер арасындағы виртуалды әдістемелік бірлестіктерді құруға әкеліп отыр. Ақпарат алмасудың әр түрлі формалары (вебинарлар, форумдар, дистанциялық мастер-кластар және т.б.) негізінде болашақ бастауыш мектеп мамандары тәрбиеленушілермен жұмысы кезінде қолдана алатын және қолдануға болатын заманауи технологияларды меңгереді. Демек, білім беруде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың қазіргі заманғы жүйесі тиісті құзыреттіліктерді қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз етуі тиіс. Яғни білім беруді ақпараттандыру және барлық сатыларында ақпараттық-технологияларды пайдалану оқытуды тиімді, сапалы етеді деген сөз. Ал білім берудің сапалы жаңа тәсілдері, бағдарламалары мен әдістемелері де пайда болады.

Технологиялардың жылдам жаңаруы мен қиындай түсуі білім беру саласын ақпараттандыруды іргелі мәселеге айналдырудың да маңызы зор екенін білдіреді. Осыған орай мемлекеттік құжаттарда білім беру саласы бойынша даму бағыттарына өзгерістер енгізіліп маңызды ұлттық басымдық деп танылып отыр.

Осы өзгерістерге байланысты ақпараттық- технологияның рөлі мектеп жүйесінде ғана емес мектепке дейінгі білім беруге де кеңінен әсер етіп отыр. Ендеше ақпараттандырудан мектепке дейінгі білім беру мәселесі тысқары қала алмайтындығы сөзсіз. Оның үстіне қоғам дамуының қазіргі жағдайында мектепке дейінгі білім беру мәселесі жедел дамуға бағытталған өзгерістер орын алуда. Жалпы айтқанда қоғамды ақпараттандыру үдерісі толассыз жүріп жатыр.

Қоғамды ақпараттандыру - бұл жаһандық әлеуметтік үдеріс, оның ерекшелігі микропроцессорлы және есептеу техникасының қазіргі заманғы құралдары негізінде, сондай-ақ ақпараттық алмасудың әртүрлі құралдары негізінде жүзеге асырылатын ақпаратты жинау, шығару, өңдеу, сақтау, беру және пайдалану болып табылады.

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру үдерісінің басым бағыттарының бірі білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Яғни, білім беру саласында оқытудың, тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын іске асыруға бағытталған заманауи жаңа ақпараттық технологияларды (ЖАТ) оңтайлы пайдалану әдіснамасы мен тәжірибесін әзірлеу және онымен қамтамасыз ету үдерісі.

Бұл үдеріс мыналарға бағытталған:

- ғылыми-педагогикалық ақпараттардың, ақпараттық және оқу материалдарының, сондай-ақ желілердің автоматтандырылған деректер банкін қолдану негізінде білім беру жүйесін басқару тетіктерін жетілдіру;

- қоғамды ақпараттандырудың қазіргі жағдайында тұлғаны дамыту міндеттеріне сәйкес әдіснамалар мен мазмұнды сұрыптау стратегияларын, әдістер мен оқытудың ұйымдастыру формаларын, тәрбиелеуді

жетілдіру;

- жеке тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамытуға, білімді өз бетімен игеру, ақпараттық-білім беру, тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпаратты.

Бұл үдеріс мыналарға бағытталған:

- ғылыми-педагогикалық ақпараттардың, ақпараттық және оқу материалдарының, сондай-ақ желілердің автоматтандырылған деректер банкін қолдану негізінде білім беру жүйесін басқару тетіктерін жетілдіру;

- қоғамды ақпараттандырудың қазіргі жағдайында тұлғаны дамыту міндеттеріне сәйкес әдіснамалар мен мазмұнды сұрыптау стратегияларын, әдістер мен оқытудың ұйымдастыру формаларын, тәрбиелеуді жетілдіру;

- жеке тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамытуға, білімді өз бетімен игеру, ақпараттық-білім беру, тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпаратты өңдеудің әр түрлі түрлерін жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін құру;

- компьютерлік тестілеу, білім деңгейін бағалау және бақылаудың диагностикалық әдістерін құру және пайдалану.

Қазіргі уақытта АКТ-ны бастауыш сынып басқару тәжірибесінде қолдану негізінен төмендегідей:

- стендтерді, топтарды, кабинеттерді безендіруге арналған иллюстрациялық материалдарды таңдау (сканерлеу, интернет, принтер, презентациялар);

- тәжірибе алмасу, мерзімді басылымдар арқылы басқа да бастауыш сынып әзірлемелерімен танысу;

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Медешова А.Б. Мұғалім - оқу үрдісін ақпараттық технология жабдықтары арқылы ұйымдастырушы // Бастауыш мектеп. - 2005. - №4.

2 Ермеков Н.Т. К проблеме обучения информатике в 12-летней школе // Сб. Научн.ст. IV Межд.форума «Информатизация образования Казахстана и стран СНГ». - Алматы, 2006.